

Telegram мобильді қосымшасындағы @KASEInfoBot-та ақылы бөлімдерге қол жеткізуді ұсыну бойынша қызметтер көрсету туралы

О Ф Е Р Т А Ш А Р Т Ы

Алматы қ.

Осы арқылы "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы, бұдан әрі "Биржа" деп аталып, атынан жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма Төрағасы Алина Өтемісқызы Алдамберген Клиентке Telegram мобильді қосымшасындағы ақылы бөлімдерге қол жеткізуді ұсыну бойынша қызметтер көрсету туралы шарт жасасуды ұсынады. Клиент осы Жария оферта акцепті арқылы шарттың (бұдан әрі – Шарт) талаптарымен келіседі.

1. ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР

Шарт – Telegram-ботта Қызмет көрсетуге қатысты барлық маңызды талаптарды қамтитын осы оферта-шарты.

Оферта акцепті – Клиенттің Шартта көзделген тәртіпте жазылуды жүзеге асыру арқылы осы Шарттың талаптарын толық және сөзсіз қабылдауы.

Telegram – кросс-платформалық жедел хабарлама алмасу жүйесі (мессенджер).

KASEInfoBot – <https://t.me/KASEInfoBot> мекенжайы бойынша орналасқан, Биражынң Telegram арнасындағы боты, бұл Биржалық ақпаратты коммерциялық ұсыну туралы ережеде анықталған ақпараттық өнім (https://kase.kz/files/normative_base/MD_Policy.pdf).

Ақпарат – Қызмет көрсету шеңберінде @KASEInfoBot арқылы ұсынылатын ақпарат.

Биржаның интернет-ресурсы – Биржаның <https://kase.kz/> мекенжайы бойынша орналасқан интернет-сайты.

Клиент – осы Шарттың талаптарына сәйкес Офертаның Акцептін және Қызмет құнын төлеуді жүзеге асырған жеке тұлға.

Қызмет – Шарттың талаптарына сәйкес осы Шарттың 1-қосымшасында сипатталған @KASEInfoBot-та қызметтердің ақылы пакетіне қол жеткізуді ұсыну.

Тіркелу – @KASEInfoBot-та Клиенттің жеке басын растайтын мәліметтерді ұсыну.

Тараптар – Биржа және Клиент.

Құрылғы – клиенттің кез келген құрылғысы, оның ішінде @KASEInfoBot кіру мүмкіндігін қамтамасыз ететін мобильді немесе стационарлық құрылғы/дисплей.

Электрондық төлем тәсілі – осы Шартқа №2 қосымша болып табылатын Telegram мобильдік қосымшасында қолжетімділікті ұсыну бойынша көрсетілетін Қызметтерге электрондық төлем жүргізу қағидаларына сәйкес банк картасын пайдалана отырып көрсетілетін қызмет үшін ақы төлеу тәсілі.

2. ШАРТТЫҢ МӘНІ

- 2.1. Шартқа сәйкес Биржа Клиентке Қызмет көрсетуге міндеттенеді, ал Клиент Қызметтердің құнын Шартта көрсетілген тәртіппен және талаптарда төлеуге міндеттенеді.
- 2.2. Шарт Клиент Қызмет үшін электрондық төлем жүргізген сәттен бастап жасалған болып есептеледі.
- 2.3. Шартқа сәйкес Клиентке берілген Ақпарат тек Клиенттің қарауына арналған. Клиентке ақпаратты жазып алып көрсетуге, жариялауға немесе қандай да бір жолмен таратуға тыйым салынады.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Биржа:

- 1) Клиенттен Шарт талаптарын тиісінше орындауын талап етуге;
- 2) келесі жағдайларда Клиентке қызмет көрсетуді уақытша тоқтатуға:
 - Клиенттің Қызмет құнын уақтылы төлемесе; немесе
 - Биржа Клиенттің кез-келген әрекетін Шарттың ережелері мен талаптарын бұзады деп санаған кезде;
- 3) Клиентке алдын ала хабарлаусыз Қызмет көрсету және/немесе Ақпарат беру форматын өзгертуге;
- 5) Клиентке алдын ала ескертусіз Ақпараттың және/немесе оның кез келген бөлігінің құрамын өзгертуге;
- 6) ұсынылатын Қызметке қатысты алымдар мөлшерлемесін біржақты тәртіппен өзгертуге, сондай-ақ Биржаның https://kase.kz/ru/rules_other/ мекенжайындағы интернет-ресурсында осындай өзгерістер/толықтырулар туралы хабарламаны өзгерістер/толықтырулар қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей жариялай отырып, Шартқа өзгерістер немесе толықтырулар енгізуге;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де әрекеттерді жүзеге асыруға;
- 9) Клиенттен Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес қажетті құжаттарды ұсынуды талап етуге **құқылы**.

3.2. Клиент:

- 1) Биржадан тиісті Қызмет көрсетуді және Шартта көзделген өзге де міндеттемелерді орындауды талап етуге **құқылы**.

3.3. Биржа:

- 1) Клиент электрондық төлем жасағаннан кейін Клиентке Қызмет көрсетуге;
- 2) Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзінің барлық өзге де міндеттемелерін тиісті түрде орындауға **міндеттенеді**.

3.4. Клиент:

- 1) мессенджердің тиісті жұмысы мақсатында Telegram мобильді қосымшасындағы кез келген жаңартуларды өз бетінше қадағалауға;
- 2) Шарт талаптарына сәйкес Қызмет құнына толық көлемде ақы төлеуге;
- 3) Байланыс арнасын (Интернет желісіне қосылуды) өз бетінше және өз қаражаты есебінен ұйымдастыруға;
- 4) тіркеу процесінде көрсетілген тегі, аты және әкесінің аты, сондай-ақ нөмірі сияқты дербес ақпараттың өзгергені туралы Биржаға уақтылы хабарлауға;
- 5) Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттемелерді тиісінше орындауға **міндеттенеді**.

4. ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ МЕН ТАЛАПТАРЫ

- 4.2. Биржа Шарт шеңберіндегі Қызметтерді толық алдын ала төлем жүргізілгеннен кейін ұсынады.
- 4.3. Қызметтердің құнын төлеу Электрондық төлем әдісімен жүзеге асырылады.
- 4.4. Клиент тізбесі осы Шартқа 1-қосымшада айқындалған @KASEInfoBot-та таңдалған ақылы қызметтер пакетіне сәйкес Қызметтерге өз бетінше ақы төлеуге міндеттенеді.
- 4.5. Биржа келесі жағдайларда Қызметтер үшін төленген ақшаны қайтармайды:
 - егер Биржа Клиентке Қызмет көрсетсе, бірақ Клиент қандай да бір себептермен осы қолжетімділікті толық көлемде пайдаланбаса; немесе

- егер Биржа Клиентке Қызмет көрсетсе, бірақ Клиент төлем жасаған мерзім ішінде қандай да бір себептермен қолжетімділігін толық көлемде мерзімнің соңына дейін қолданбаса;
- егер Клиент жарамды пакеттің аяқталу мерзіміне дейін басқа ақылы пакетті қайта қосса.

Бұл ретте осы тармақта көзделген жағдайларда Қызмет Биржа тарапынан тиісті түрде көрсетілген болып есептеледі.

5. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

- 5.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін әрбір тарап Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапкершілік алады.
- 5.2. Клиент Тіркеу кезінде берілген ақпараттың дұрыстығы үшін жауап береді.
- 5.3. Биржа құрал-жабдықтың, бағдарламалық жасақтаманың жұмысындағы техникалық ақаулар, Биржаның кінәсінен болған байланыс арналарының жұмысындағы іркілістер себебінен Клиентке Қызметті уақтылы ұсынбағаны үшін жауапты болады.
- 5.4. Егер Шарттың 5.3. тармағында көрсетілген мән-жайлар бір жұмыс күнінен астам уақыт бойы үздіксіз орын алған жағдайда, Биржа Клиентке сауда-саттық ақпаратына қолжетімділіктің болмау уақытын келесі кезеңде қосылу болмаған уақытқа тең қосымша уақытын беру арқылы өтейді;
- 5.5. Биржа төмендегілер үшін:
 - 1) Telegram мобильді қосымшасы жұмысының техникалық ақаулығы туындаған жағдайда Клиентке уақтылы Қызмет көрсетпегені үшін;
 - 2) Клиенттің кез келген шығыстары, сондай-ақ Ақпаратты пайдалану немесе пайдалана алмау нәтижесінде туындаған кез келген шығындар немесе залалдар үшін, немесе Биржаның кінәсінен болмаған, Биржаға қызмет көрсететін провайдердің кінәсінен Биржада Интернет желісіне қолжетімділіктің болмауы немесе оған қосылу проблемаларын қоса алғанда, Биржаның кінәсінен орын алған қателер, техникалық іркілістер, функциялардың өзгеруі, ақаулар, Ақпарат берудегі кідірістер нәтижесінде келтірілген шығындар үшін жауапкершілік алмайды.

6. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ШАРТТЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ

- 6.1. Шарт 2.2-тармаққа сәйкес жасалған сәттен бастап күшіне енеді және оның қолданыс мерзімі белгіленбеген.
- 6.2. Тараптардың әрқайсысы Шартты бұзудың болжамды күніне дейінгі күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей 10.2. тармақта көрсетілген электрондық мекенжайға хат жіберу арқылы екінші Тарапты хабардар ете отырып, Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

7. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚҰҚЫҚ

- 7.1. Дау туындаған жағдайда, Шарт жасасқан Биржа мен Клиент осы Даудың Тараптары болып саналады.
- 7.2. Шарт талаптарын орындау процесінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар арасындағы дауларды шешу келіссөздер жолымен жүзеге асырылады. Тараптар келіспеушіліктерді соттан тыс тәртіппен жою үшін барлық қажетті шараларды қолдануға міндеттенеді.
- 7.3. Тараптар өзара келісіміне қол жеткізбеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Биржаның орналасқан жері бойынша сот тәртібімен шешіледі.
- 7.4. Қазақстан Республикасының заңнамасы дауларды шешу үшін қолданылатын құқық болып табылады.

8. ФОРС-МАЖОР

- 8.1. Тараптар еңсерілмейтін күш мән-жайларынан туындаған жағдайда Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Аталған жағдайлар Шарт Тараптарының саналы бақылауына жатпайтын кез келген төтенше және алдын алуға болмайтын мән-жайлар деп түсініледі: соғыстар, әскери іс-қимылдар, мемлекеттік органдардың іс-әрекеттері, мемлекеттік төңкеріс, өрт, табиғи апаттар және Тараптар алдын-ала болжай алмайтын және Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуына тікелей әсер ететін басқа жағдайлар.
- 8.2. Еңсерілмейтін күш мән-жайы туындаған жағдайда Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі осындай мән-жай болған уақытқа тең мезімге кейінге жылжытылады.
- Еңсерілмейтін күш мән-жайларының туындауы салдарынан Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындай алмаған Тарап осы мән-жай басталған күннен бастап он күн мерзімде міндеттемелерді орындаудың мүмкін еместігі туралы екінші Тарапқа хабарлауға міндетті.
- 8.3. Егер еңсерілмейтін күш мән-жайы бір айдан астам уақытқа созылған жағдайда, Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудан бас тартуға құқылы. Бұл ретте Тараптардың ешқайсысы екінші Тараптан қандай да бір залалды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

9. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 9.1. Тараптар екінші Тараптың жазбаша келісімін алусыз үшінші тарапқа Шарт бойынша құқықтарын бере алмайды және өз міндеттемелерін орындауды тапсыра алмайды.

10. ХАБАРЛАМАЛАР ЖОЛДАУ ТӘРТІБІ

- 10.1. Биржа Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы барлық хабарламаларды, сондай-ақ Шартқа өзгерістер мен толықтыруларды, аталған өзгерістер мен толықтырулар қолданысқа енгізілген күнге дейін күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей Биржаның ресми интернет-ресурсында тиісті хабарламаны орналастыру арқылы Клиенттердің назарына жеткізеді.
- 10.2. Биржаның Клиенттері барлық хабарламаларды осы Шарттың 11-бөлімінде көрсетілген Биржаның пошта мекенжайына және/немесе Ақпараттық өнімдерді жылжыту бөлімінің - mds@kase.kz электронды мекенжайына жазбаша хабарлама жолдау арқылы жібереді.

11. БИРЖАНЫҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

11.1.

Атауы: "Қазақстан қор биржасы" АҚ

Заңды мекенжайы: А15G7M6, Алматы қ., Байзақов к-сі 280, "Almaty Towers" солтүстік мұнарасы, 8-қабат

Пошталық мекенжайы: А15G7M6, Алматы қ., Байзақов к-сі 280, "Almaty Towers" солтүстік мұнарасы, 8-қабат

Телефоны: (8 727) 237 53 22

BSN: 931240000220

CTN: 600200049149

ОКПО: 30084469

Есеп айырысу шоты: "ALTYN BANK" АҚ-та (China Citic Bank Corporation Limited еншілес банкі)
KZ679491100000342657

БСК ATYNKZKA

Telegram мобильді қосымшасында
қол жеткізуді ұсыну бойынша
қызметтер көрсету туралы
Оферта шартына
№1 қосымша

Мәліметтер құрамы	Қызметтер пакеттері		
	Ақысыз	Стандарт	Премиум
Тәулік барысында валюта + БҚ бойынша сұраулар	Тәулігіне 5 сұрауға дейін	Тәулігіне 20 сұрауға дейін	Сұраулар саны шектеусіз
Баға өзгерген жағдайда хабарлау	Жоқ	Жоқ	Бар
Қажетті бағаға жеткен жағдайда хабарлау	Жоқ	Бар	Бар
Уақыт бойынша хабарлау	Жоқ	Бар	Бар
Индикаторлар, кросс бағамдар	Бар	Бар	Бар
ТАРИФ, теңге	-	490	790